



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

09.09.2020

№ 305

Ақтау қаласы

город Ақтау

Банкроттықты басқарушыны тағайындау туралы

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңына сәйкес және 2020 жылғы 3 қыркүйектегі «Скиф-Мангистау» ЖШС-нің кредиторлар жиналысы шешімінің негізінде,

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Скиф-Мангистау» ЖШС-не Аманқалиев Нұрлыбек Санифаұлы банкроттықты басқарушы болып тағайындалсын.
2. Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының талаптарына сәйкес банкроттықты басқарушының міндеттемесін орындау Н.С. Аманқалиевқа жүктелсін.
3. Банкроттықты басқарушы Н.С. Аманқалиев Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының 19-бабы 4 тармағының талаптарын орындауды және банкроттық рәсімдерінің жүргізілу барысы туралы ақпаратты, растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей беруді қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау Мемлекеттік кірістер департаментінің Борыштармен жұмыс басқармасының Оңалту және банкроттық бөлімінің басшысы Б.Е. Құлмұрзаевқа жүктелсін.
5. Осы бұйрықтың бір данасы «Скиф-Мангистау» ЖШС-нің банкроттықты басқарушысы Н.С. Аманқалиевқа жолдансын.

Басшы



Жаналинов Д.Е.